

Үмбетей

Тілеуұлы

Матиш Сымбат 2-1 топ

Үмбетей Тілеуұлы
(1706-1778) - Ақмола
облысында, яғни
Орталық Қазақстанда
дүниеге келген.
Ол жас жағынан Бұқар
жыраумен құрдас
болған деген дерек бар.



Өмірбаяны

- Үмбетей жас күнінен-ақ кедейліктің зардабын тартады. Ақындық даңқы шыққан Үмбетейді Абылай хан өз айналасында ұстайды, ол сол кезден-ақ жырау атанған. Ол Бөгенбай батырға серік әрі оның жыршысы болған. Жырау қазақ халқының Жоңғар басқыншыларына қарсы күресте болып, тарихи оқиғаларды нақты жырлаған. Ол халық мүддесі үшін хан көңіліне қарамай, әділ, тура өлеңдер қалдырған. Жырау Ақмола өңірінде жүз жасап дүниеден өткен
-

Дидактикалық поэзияның әйгілі шеберлерінің бірі.

Ол жастайынан сөз өнеріне ден қойған. Оның осы жолдағы алғашқы ұстазы - өз әкесі болған. Ол ән өнерін жақсы білген, ел тарихына өте қанық адам болғанға ұқсайды. Сол себепті халық шежірелерінен, шешендік сөздерінен, халық дастандарынан көп тағылым алған.



Үмбетей жырау

- **Үмбетей жырау**- елінің қорғаны болған батырларды жырына арқау еткен. "Бөгенбай өліміне", "Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту" атты толғауларында ол Бөгенбай бастаған халық батырларын дәріптеп, қайратты ерлерді ұрпағына өнеге еткен. Жырау Бөгенбай батырдың ерлік бейнесін тамаша өрнектейді. Оны асқар Алатауға теңейді, тегеурінді бүркітке балайды, "Боламшыдай анадан болат тудың, Бөгенбай" деп қастерлейді. Атамекен жаудан қорғап қалған, халқымыздың ұлан-байтақ жерін-Баянауыл, Қызылтау, Абыралы, Шыңғыстау- бүкіл Сарыарқа атырабын қалмақтардан аман алып қалған Бөгенбай батырдың ерлігін сүйсіне жырлайды.
-

Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың.
Ақшәуілге қос тігіп,
Ауыр қол жидырып
алдырдың,
Қалмаққа ойран салдырдың-
деп, халқына Бөгенбайдың
елі үшін жасаған ерлігін атап
көрсететі



Бөгенбай батыр

- Сұрактар.
 - 1. Үмбетей жырау қай жылы дүниеге келді?
 - 1706ж
 - 2.Ең алғашқы ұстазы кім?
 - Әкесі
 - 3.Қай батырдың жақын серігі болды?
 - Бөгенбай батыр
 - 4.Қай жасында дүниеден өтті?
 - 100жас
 - 5.Деректер бойынша қай жыраумен құрдас болған?
 - Бұқар жырау
-